

УДК 37.025.7

Сарсенбаева, Ж.Қ.,
Психология және педагогика факультетінің,
«Дефектология» мамандығы,
1 курс студенті, ҚМПИ
Шолпанбаева, Ғ.Ә.,
қазақ тілі пәнінің оқу тәрбие
орталығының аға оқытушысы, ҚМПИ,
Қостанай, Қазақстан Республикасы

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

Түйіні

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ еліміз үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: латын әліппесі, кириллица, дыбыс, орфография, орфоэпия, сингармонизм, фонема, әліпби, әріп, емле, тіл, дауысты, дауыссыз.

1. Кіріспе.

Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы қазаққа керек пе, жоқ па? Көше қалсақ, бізге не береді? Бүкіл қазақ халқының көкейіндегі сұрақ осы. Ұтамыз ба, ұтыламыз ба? Шыққан қаражат орны тола ма, әлде толмай ма? Ең бастысы, өзін ғана емес, елін де, ұлтын да ойлайтын зияткерлік ұлтты қалыптастыруға бұл әліпбидің титімдей болса да септігі тие ме? Міне, осы сұрақтан келетін болсақ, күні бүгінге дейін шешілмей жатқан біраз жайттарға тап болатынымыз анық. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирил графикасы әліпбиін қолданып келеді.

Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында латын әліпбиіне көшу мәселесін айтып өтті. Шын мәнінде, бұл мәселе өз шарықтау шегіне жеткен болатын. Латын әліпбиіне көшу мәселесінің айтылып келе жатқанына біраз уақыт болғанын көпшілік жақсы біледі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілшілері осы мәселені қозғап, орыс жазуына негізделген қазақ жазуының әліпбиінен латын әліпбиіне көшу туралы жазған еді. Сол кезде кей ғалымдар көне түрік жазуын қолдаса, кейбіреулері Қытай, Монғолия, Иран, Түркия, Ауғанстан мемлекеттерінде тұрып жатқан қандас бауырларымыздың араб жазуына негізделген қазақ жазуын қолданып жүргенін ескеріп, араб графикасына негізделген қазақ жазуын қолдаған болатын. Дегенмен де, сол кездің өзінде-ақ, латын жазуына негізделген әліпбиді қолдағандар басымырақ болғаны жасырын емес. Бүгінде бұлардың қатары көбеймесе азаймағаны анық.

К. Хұсайын, Ә. Жүнісбек бастаған арнайы комиссия латынға көшу бағдарламасын әзірлегені көптеген тілшілерге белгілі. Латын әліпбиіне көшуді қолға алатын уақыт жеткенін «Ана тілі» үнжариясында № 53 саны 27 желтоқсанда жарық көрген профессор Ә.Жүнісбектің «Латын қарпіне көшуден ұтарымыз көп» атты мақаласын оқып шыққан өзін қазақпын деп санайтын әр адамның түсінуі керек.

Кейінгі тарихқа көз салсақ, латыннан бұрын қазақ тілінің таңбалық жүйесін жасауды шетелдік ғалымдар кириллицадан бастағаны белгілі. «Қазақ жазуының теориялық негіздері»

атты 2010 жылы жарық көрген зерттеуінде Қ. Күдеринава қазіргі кириллицаға негізделген әліпбидің жобалары 19-ғасырдың соңына қарай жасала бастағанын жазады. Ол былай деп жазады: «Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И. Ильминский жасады. Н.И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: а – (ә), о – (ө), у – (ү), і – (і), ы – (ы), н – (ң), к – (қ), г – (ғ)». Сөйтіп, зерттеуші он шақты қосымша белгі алғанымен, орыс әліпбиіндегі е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ь, ь, э, ю, я таңбаларын қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын қолданбады. Н.И. Ильминский қазақ тілінің дыбыстық құрамына тән емес дыбыс таңбаларын алмайды.

2. Материалдар мен әдістері.

Зерттеу жұмысына қатысты тарихи еңбектер, баспасөз материалдары қолданылды. Зерттеуде анализ және тарихи – салыстыру әдістері пайдаланылды.

3. Нәтижелер мен талқылау.

Бұл әліпби В.В. Григорьев тарапынан сыналғанымен қазақ тілі дыбыстарын алғашқы әріптерге түсіру әрекеті еді. Бүгінде тіліміздің сөйлеу жүйесін бұзып отырған орыс қаріптерін Н.И. Ильминскийдің қолданбауы қазақ дыбыстарының орыс дыбыстарынан мүлде бөлек екенін аңғаруында жатса керек. Қ. Күдеринава ол туралы: «Оқымысты тарапынан осындай сынға ұшырағанмен Н. Ильминскийдің орыс графикасымен берген қазақ әліпбиінің қазақ тілі дыбыстар жүйесін белгілеуде артықшылығы бар», – деп жазады. Бұндағы артықшылықты ол Н.И. Ильминскийдің «Е» дыбысының жуан, жіңішке варианттарын таңбалаудан көреді. Сонымен бірге, біздіңше, тағы бір артықшылық артық орыс әріптерін қазақ әліпбиіне енгізбеуінде деп білеміз. Әліпби өзгерген сайын орфографиялық нормалар да өзгереді, ал орфоэпиялық нормалар өзгеріске түсе бермейді. Алайда әріпке сүйене сөйлеу етек алған кезде тілдің басты өзегі болатын орфоэпиялық нормаларға да қауіп төнетінін бүгінгі күннің өзгерісі көрсетіп отыр.

Ал мың жылға жуық араб жазуында болған қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары да соған байланысты өзгеріске ұшырағаны анық. Алайда бұл өзгеріс араб-парсы сөздерін сол тілдердің айту нормаларына байланысты дыбыстаудан туғаны анық. Оған дәлел, Абайдың өлеңдері мен қарасөздеріндегі араб-парсы сөздерінің дыбысталуын алсақ та жеткілікті. Латын негізді жазу түркі халықтарына ежелден таныс, ерте заманда қолданыста болғаны белгілі. «Түркі тайпалары орта ғасырларда ұйғыр араб жазуларымен қатар, көне латын жазуын да қолданғанын байқаймыз. Оған дәлел ретінде араб-ұйғыр жазуымен X-XV ғғ. жеткен «Құдатғу білік», араб жазуымен жеткен «Codex Cumanicus»-ты атауымызға болады.

Ал елімізде 1927 жылы әуелі Ташкентте, сосын Қызылордада өткен конференцияларда араб графикасын жақтағандар: А. Байтұрсынов, І. Ахметов, Е. Омаров, Ә. Байтасов, ал Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, Ә.Ермеков тағы басқа оқығандар латын әліпбиін қолдады. Араб жазуын қолдағандар мынадай дәлелдер келтірді:

«1) Араб әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алады;

2) араб әліпбиі оқуға, жазуға, сауат ашуға қолайлы;

3) өнер құралдарына орнатуға қолайлы;

4) көзге көркем көрінеді;

5) араб әрпімен жазғанда қол сағат тілінің бағытымен бірдей оңнан солға қарай жүреді;

6) жазу машинасына, баспа машиналарына орнатуға араб әліпбиінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық».

Ал, олардың қарсыластары «араб әрпі сауат ашуға, оқуға, жазуға қиын, себебі:

1) бір әріптің 4 түрі бар;

2) араб әрпінің көбі бір түсті;

3) жазу оңнан солға қарай, ал цифрлар солдан оңға қарай жазылады. Бұл жазуда да, баспа жұмысында да қиыншылық тудырады;

4) ғылыми кітаптарда (алгебра, геометрия, физика т.б.) пән белгілері латын әрпімен жазылады, араб әрпі бұған жарамайды;

5) араб әрпі нотаны жазуға жарамайды;

б) араб әрпі баспахана жұмысында көп қиыншылық туғызады: теру, басу, жөнінде қымбатқа түседі». Міне, осы таластан соң туатын қорытынды: алаш зияларының басты мақсаты орыс жазуына жоламау болатын. Екі жақтың да ұстанған ұстанымдары қалай болса да кириллицаға көшпеу болатын. Екі әліпбиді ұстанған екі тараптың басты ұстанымы фонетикалық принципті орфографияға негіздеу болатын.

Байтұрсынов араб жазуына негізделген әліпбиді ұсынғанда фонетикалық ұстанымды мақұл көрді. Ол өзінің 24 әріптен тұратын әліпбиін осы ұстаным бойынша түзеген болатын. Латын әліпбиін қолдамаса да осы ұстанымды негіз етіп Х. Досмұхамедұлы латын әліпбиінің жобасын жасағаны белгілі. Бұл алғашқы әліпби сол кездегі А. Байтұрсынов жасаған әліпбимен бірдей болды және өте дұрыс әзірленіп, жасалған әліпби еді, себебі теориялық база бірден-бір дұрыс еді. Латын әліпбиін енгізу әлі ерте деп Мәскеудегі жиналыста айтқанымен, латын жазуына енгізілген қазақ жазуын жобасын Н. Төреқұлов 28 әріп бойынша әзірледі. 1929 жылы Қызылордада Т.Шонанұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұбанов, Е.Д. Поливанов т.б. қызу талқылаған конференцияда бұл әліпби жетілдірілді. Латын жазуына көшу баяу жүргеніне қарамастан 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне 29 әріппен көшті.

Қ. Күдерінова бұл қазақ әліпбиінде 9 дауысты мен 20 дауыссыз фонема болғандығын жазады. Қазір күннің тұрғысынан келгенде бұл дыбыстарға тән жайттарды орынды ескерген әліпби екендігі анық байқалады. Бұл әліпбиде фонетикалық ұстаным орынды түрде ескерілді, сондықтан емлетану да осы ұстанымға сай жасалды. Бұл әліпбидің артықшылығы мыналар:

1. оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;
2. кірме әріптер жоқ;
3. жол асты, жол үсті белгілері жоқ.
4. бір дыбыс – бір әріп ұстанымы сақталды.

Қабылданған әліпбидің кемшілігі ретінде ә, ө, ы, ғ дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбағанын айтуға болады. Осы кезден бастап, латын графикасына қазақ тілі «көндіге» бастады. Мәселен, бұл әліпбиге 1933 жылы Қ. Жұбанов өзінің толықтыруларын енгізді, яғни әліпбиде 24 әріп, 1 дәйекше болды. Толықтыруда, сондай-ақ, f, h, x әріптерін енгізілді. Қ. Жұбанов ұу, үу, ый, ій қосар таңбаларының орнына бір таңба алуды, дәйекше қызметін пайдалануды ұсынады. Қ.Жұбановтың бұл ұсынысы, яғни ый, ій, ұу, үу қабылданбады. Ол кезде Қ. Жұбанов болашақта қазақтар бұл қосарлы дыбыстарды дыбыстаудан алыстап кететінін білмеді. Дегенмен бұл әліпби әріптер саны қосылмағанда үздік әліпбидің санатында қалар ма еді?

Бұл әліпби С. Аманжолов, С. Жиенбаев, Қ. Жұбанов т.б. ғалымдардың тарапынан жетілдірілді. Терминдер орыс тілі емлесі бойынша жазылатын ұстанымды Қ. Жұбанов, С. Аманжолов ұсынды.

С. Аманжолов латын жазуына негізделген қазақ жазуында мынадай кемшіліктерді көрсетті:

- «1) әліпбиде x, f, v таңбаларының болмауы;
- 2) и, у таңбаларының жоқтығы, соның салдарынан Миссисипи, Миссури сияқты сөздердің б, 7 әріптің орнына, 113-19 әріпке дейін жазылу;
- 3) фонетикалық принциптің ұсталынуы;
- 4) кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (келі, динамы)
- 5) сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, зоология, биология, театр сөздерінің зологыйа, быйалогыйа, тыйатыр болып таңбалануы...».

Соңынан С. Аманжолов көрсеткен осы жағдайлар орыс әліпбиіне көшкен кезде ескерілді, себебі орыс жазуына көшу жобасын әзірлеген С. Аманжолов еді. Бұл жағдайлар соңынан қазақ фонетикасына аса ауыр соққы болып тиіп, соның зардабын күні бүгінге дейін тартып келеміз.

1940 жылы қазақ жазуы кириллицаға негізделген графикаға көшірілді. Бұл ауыстыру саяси жағдайға байланысты болды. Б. Әбілқасымов мен Ш. Мәжітаева бұның себебін былай түсіндірді: «1910 жылдардан бастап А.Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын бірден алу түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдатты. 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейін, зиялы қауымның көрнекті өкілдері атылып, айдалып кеткен соң, латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде, қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді». Қ. Күдеринаның көрсетуінше, 1939 жылы әзірленген жобада 40 әріп болды. Орыс графикасына негізделген әліпбиді негізінен С. Аманжолов әзірледі. Бұған дейін де ол орыс тіліндегі терминдерді латынша жазудың қиындығы туралы баспасөз бетінде жариялап, орыс графикасына көшу тиімділігі туралы ойлар айтқан болатын. 1940 жылы 30 тамызда 41 әріптен тұратын жаңа әліпби жобасы әзірленді, оған һ әрпі енгізілді. С. Аманжолов я, ю әріптері арқылы әріптерді көп жазудан құтылу жолын ұсынды, яғни йа дыбысын я, ал йуу не йуу дыбысын ю әрпі беретінін жазды. Бір айта кететіні А. Ысқақов э әрпін алып тастау керектігін ұсынды, себебі оны е береді, сондықтан э әрпін әліпбиден алуды ұсынды. Соңынан 1952 жылы ый, ій, ұу, үу қосарын и, у таңбаларымен белгілеу қабылданып, и, у әріптері осыдан бастап, біресе дауысты, біресе дауыссыз бола бастады. Сөйтіп, 42 әріптен тұратын әлемдегі әрпі көп орыс жазуына негізделген қазақ жазуы пайда болды.

Осыдан бастап, әріппен сөйлейтін ұрпақ қалыптаса бастады. Тілшілердің таңба басқа, дыбыс басқа болады деген есебі дұрыс болмады. Орыс жазуына негізделген қазақ жазуы қазақ фонетикасына мынадай өрескел қателіктерді әкелді:

- 1) болашақ мұғалімдер қазақ фонетикасын қате теориялық түсінік бойынша оқыды;
- 2) дауыссыз и, у дыбыстары біресе дауысты, біресе дауыссыз деген қате тұжырым пайда болды;
- 3) кірме сөздер мен терминдер тіліміздің басты заңы сингармонизмге бағындырылмады, таза орыс тілінің дыбыстық заңы бойынша айтылды;
- 4) акцент жоғала бастады;
- 5) жуан және жіңішкелік белгі бойынша сөйлеу қалыптаса бастады, мәселен, Асель, халің қалай?; (Әсел, қалың қалай?)
- 6) сөзде екі дауысты дыбыс қатар жазылатын орфограмма енгізілді, мысалы: тиын, қиын, жиын;
- 7) ерін үндестігі есепке алынбады, мектеп бағдарламасына енгізілмеді;
- 8) қазақ тілінде дыбыс «сингема» емес, «фонема» деген тұжырым енгізілді;
- 9) орфографиялық сөздікте фонетикалық ұстаным басты болмады, орфографияда алақұлалықтар пайда болды;
- 10) сөйлеуде орфоэпиялық норма басты болмай, орфографиялық норма басты болды;
- 11) емлетануда шешілмес қиындықтар пайда болды т.т.

5. Қорытынды.

Болашақта латын әліпбиіне көшкенде 26 әріппен көшсек қана біз тілімізді өзінің үндестік заңы негізінде сақтап қала аламыз. Ал 42 әріпті ауыстыра салу, «бір адым алға, екі артқа жүру» дегенге алып барары сөзсіз. Зияткерлік ұлтты қалыптастыруда латын әліпбиіне тек осылай ғана көшу өзінің игі нәтижесін берері сөзсіз. Басында латын әліпбиіне 26 әріп бойынша көшу мынадай қиындықтар туғызатыны анық:

- 1) өз қазағымыздың өзі бір күнде «сауатсыз» болып қалатындай жағдай туындайды;
- 2) басқа ұлттардың түсінбестігі туатыны анық;
- 3) орфографиялық нормалар тұтасымен өзгеретіні барлық халыққа қиындық туғызады;
- 4) қаражат жұмсалады;

5) жер-су атауларын қайта жазу мәселесі дау-дамай тудырады;

6) бұрынғы тарихымыз, мәдениетіміздің мол мұрасы, кітаптар болашақ ұрпаққа түсініксіз болып қалуы ықтимал.

Дегенмен де латын әліпбиіне 26 әріп бойынша көшсек қазақтың болашақ таза қазақтық ұлтын қалыптастыратынымыз айдан анық. Латын әліпбиіне осылай көшсек мынадай жақсылықтарға жетеміз:

1) қазақ тілінің басты үш дыбыстық заңы, атап айтқанда, буын үндестік заңы, дыбыс үндестік заңы, ерін үндестік заңы бұзылудан сақталады;

2) акцент пайда болып, дұрыс интонация нығая бастайды;

3) кірме лексика, термин сөздер үндестік заңдарына бағынады, мәселен: стартер – сартер.

4) бірінші кластан бастап балалардың басын ауыртып келе жатқан, емлетануда қиындық туғызып жүрген, қазақ сөздерінде ешқашан дыбысталмайтын және болмайтын басы артық 16 әріптен құтыламыз.

5) сөйлеу мәдениеті көтеріліп, орфоэпиялық нормалар орфографиялық нормаларды ығыстыра бастайды, соның негізінде зияткерлік ұлт негізі қалыптаса бастайды.

6) латын әліпбиін меңгеру ақпараттық кеңістікке шығуды жеңілдетеді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашады.

7) басқа елде тұратын қандастарымызға өз тілінде ақпарат алуды жеңілдетеді.

Латын әліпбиін меңгеру қиынға түспейтіні анық, себебі бүгінде ұялы байланыстағы хабарламалардың көпшілігі осы графикамен жазылуда.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2013 жылы Халыққа Жолдауында «Қазақ алфавитін 2025 жылдан бастап, латын графикасына көшіру үшін дайындықты осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпарат тіліне айналдырады» – деді.

Қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. ХХІ ғ. латын тілі – технология, ақпарат, коммуникация тіліне айналып отыр. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін айқындайды.

Қазіргі таңда латын әліпбиіне негізделген жазу түрі әлемде кең қолданысқа ие болып отыр. Әлем халықтарының 40 % латын графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланады. Латын негізді жазу түрінің кең қанат жаюына осы әліпбиді тұтынушы елдердің әлемдік өркениет пен мәдениеттегі, ғылым мен техника, медицина т.б. салалардағы жетістіктері мен өнімдері де әсер етті.

Жалпы әлемдік елдермен бәсекеге түсуде елімізге керек басты қарудың бірі – латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы болса керек. Әлемдегі басқа ұлттармен бәсекеге түсуде қазақ ұлтына қажетті нәрсе жалпы зияткерлік мен әлемдік деңгейдегі білім. Ал бұларға бастар қадам жақын уақытта латын әліпбиіне көшу деп есептеймін.

Әдебиет тізімі

1 Әбілқасымов, Б. ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі [Мәтін] / Б. Әбілқасымов, Ш. Мәжітаева. – Астана: Елорда. – 2000, 186-189 б.

2 Байтұрсынұлы, А. Тіл тағылымы [Мәтін] / А. Байтұрсынұлы. – Алматы: [ж. б.], 1992. – 382 б. – 446 б.

3 Күдерінова, Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері [Мәтін] / Қ. Күдерінова. – Алматы: [ж. б.], 2010. – 115-116 б. – 131-133 б.

4 Қазақстан-2050 [Электрондық ресурс]: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты / Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан. – Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.

Мәлімет редакцияға түсті: 13.03.2017

САРСЕНБАЕВА, Ж.К., ШОЛПАНБАЕВА, Г.А.
ВОПРОС О ПЕРЕХОДЕ НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ

Переход на латинский алфавит прежде всего способствует развитию казахского народа, процветанию в ногу со временем, способствует всестороннему развитию нашей страны в будущем. Переходя на латинский алфавит, мы включимся в ряды развивающихся стран, уточним звуковую систему и избавимся от лишних заимствованных слов в разговоре и письме. Поэтому переход на латинский алфавит очень важен для нас и для будущего нашей страны.

Ключевые слова: латинский алфавит, кириллица, звук, орфография, орфоэпия, сингармонизм, фонема, алфавит, буква, правило, язык, гласные, согласные.

SARSENBAEVA, ZH.K., SHOLPANBAEVA, G.A.
QUESTION OF TRANSITION TO LATIN SCHEDULE

The transition to the Latin alphabet primarily contributes to the development of the Kazakh people, prosperity in step with the times, contributes to the comprehensive development of our country in the future. Turning to the Latin alphabet, we have included in the ranks of developing countries, will specify the exact sound system and get rid of unnecessary loan words in speaking and writing. Therefore, the transition to the Latin alphabet is very important for us and for the future of our country.

Keywords: Latin alphabet, Cyrillic, sound, spelling, orthoepy, vowel harmony, phoneme, alphabet, letter, usually the language, vowels, consonants.